

**Ж.Жабаев атындағы №234 мектеп дефектологiнiң 2024-2025 оқу жылында атқарған жұмыстары туралы**

**АНЫҚТАМА**

Қ.Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығы Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА-ның бағдарламалары мен 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатына сәйкес жылдық жоспарлар құрастырылып бекітілді.

ЕББҚ ететін білім алушыларды арнайы мамандармен, мұғалімдермен, ата-аналармен бірлесіп тереңдетілген арнайы педагогикалық тексеруден өткізілді.

1-а формасы бойынша оқушылардың ата-аналарынан сауалнама алды.

1-б форма бойынша білім алушының ата-анасымен әңгіме жүргізудің хаттамасын тіркеді.

2-форма бойынша бала турал мәлімет жинақталды.

2-а формаға сәйкес бірнеше күн ішіндегі сабақ барысында оқушыға бақылау жасалып хаттамасы толтырды.

2-б форма негізінде сабақта оқушының әрекеті мен мінез-құлқын психологиялық педагогикалық бағалау бірнеше күнгі бақылау қорытындылары енгізілді.

4-форма бойынша ұжымдық талқылау нәтижесі бойынша мұғалім,мамандардың терең тексеруі,ата-аналардың әңгімелесуі және сауалнама деректері , коммуникативті тәлқұжатының негізінде оқушының жиындық сипаттамасы толтырылды.

5-форма негізінде ППҚ қажет ететін оқушыларға жеке бағдарлама құрылды.

Пмпк мекемесінің қортындысымен арнайы сыныпқа 62 оқушы қабылданды.1-4 сынып оқушылары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына ,Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына сәйкес Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің үлгілік оқу бағдарламасымен оқыту.

5-7 сынып оқушылары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 1 сәуіріндегі № 123 бұйрығына,Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына сәйкес Психикалық дамуы тежелген білім алушыларға арналған білім беру деңгейінің үлгілік оқу бағдарламасымен оқыту.

ПМПК мекемесінің қортындысымен жалпы сыныпқа 14 оқушы келді.Бейімделген жалпы білім беретін оқу бағдарламасы бойынша 6-оқушы,жеке оқу бағдарламасы бойынша 1 оқушы .Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 ақпандағы № 51 бұйрығына

сәйкес жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған білім беру деңгейінің үлгілік оқу бағдарламасымен оқыту.

«Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы қаңтарындағы № 4 бұйрығына сәйкес жеке оқу бағдарламасы, бейімделген жалпы білім беру бағдарламасы, тиісті үлгідегі жалпы білім беру бағдарламалары бойынша мұғалімдерге кеңестер, түсіндірмелі жұмыстар жүргізіліп мамандармен бірге бағдарлама құрастырылды.

Арнайы мамандар (дефектолог, логопед, педагог-психологтар) ПМПК мекемесінің қорытындысына сәйкес ерекше білім алуды қажет ететін оқушыларды 1-13 қыркүйек аралығында жүргізілген зерттеу нәтижелерімен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығының 18-тармағына сәйкес әр маманға 12-14 оқушы алынуға тиіс. Педагог-психолог 16 оқушы, арнайы мамандар дефектолог 20 оқушы, логопед 23 оқушы қабылдады, 10,11,18-тармақтарына сәйкес аптасына 16 сағатты құрайтын, сабақ ұзақтығы – 45 минуттан тұратын сабақ кестесі жасалынды. Түзету-дамыту жұмыстары жүргізілуде.

Қ.Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығы Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА-ның бағдарламалары мен 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатына сәйкес жылдық жоспарлардағы қазан айына бекітілген жұмыстар жүргізілді.

ЕББҚ ететін білім алушыларды арнайы мамандармен, мұғалімдермен, ата-аналармен жиналыстар, жеке кеңестер жүргізілді.

Өзін-өзі дамыту. Арнайы әдебиеттермен жұмыс жүргізіліп баяндама, авторлық бағдарламаларға материалдар жинақталды

2-а формаға сәйкес бірнеше күн ішіндегі сабақ барысында оқушыға бақылау жасалып хаттамасы толтырды.

2-б форма негізінде сабақта оқушының әрекеті мен мінез-құлқын психологиялық педагогикалық бағалау бірнеше күнгі бақылау қорытындылары енгізіліп толтырылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына сәйкес Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің үлгілік оқу бағдарламасымен жеке және топтық сабақтар кестеге сәйкес жүргізілді.

7 қазан жоспарға сәйкес «Артикуляциялық жаттығулар – сөйлеу тілін түзетудің басты құралы» тақырыбында ата-аналарға кеңес даярлау кітапшалары дайындалды.

14 қазан айы Бүкіләлемдік ДАУН синдромы жайлы ақпараттандыру айлығына орай 21 қазан күні «Тамаша көңіл- күй әлемінде» атты тақырыбында мамандармен бірлескен танымдық сабақ өткізілді.

23 қазан ПМПК мекемесінің ұйымдастыруымен «Күн балаларының күлімдеген әлемі!» атты ойын сауық орталағында іс-шара ұйымдастырылып 8 оқушы қатыстырылды.

24 қазан күні Бүкіләлемдік ДАУН синдромы жайлы ақпараттандыру айлығына орай «Күн балаларының бейнеленген әлемі!» атты сурет көрмесі ұйымдастырылып сыйлықтар таратылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығының 10,11,18-тармақтарына сәйкес аптасына 16 сағатты құрайтын, сабақ ұзақтығы – 45 минуттан тұратын сабақ кестесіне сай түзету-дамыту жұмыстары жүргізілуде.